



БЖК 2020

БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ 2020

Жұмыспен қамтып отыр

Ақсу ауылдық аймағындағы «Үштерек и К» серіктестігі тауарлы сүт фермасы толық қуаттылығына көшкеннен кейін тәулігіне 10 тонна сүт алуды жоспарлап отыр. Қазір мұнда күніне 3,5 тонна өнім өндіріледі.

«Үштерек и К» ЖШС директоры Арман Нұржановтың айтуынша, шаруашылық бұған дейін тек қана мал азығы дақылдарын дайындаумен айналысқан. Тауарлы сүт фермасы осы жылдың наурыз айында пайдалануға берілді. Ал мамыр айында Германиядан 594 бас симментал тұқымдас сиыр әкелінген болатын.

- 2014 жылы құны 1 млрд. 250 мың теңгені құрайтын ферманың құрылысы қолға алынды. Бұл сомаға құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, малды ұстауға арналған жабдықтар мен қи тазалайтын техника сатып алынды. Ғимараттың құрылысына 370 млн. теңге жұмсалды. Оның

ішінде 160 млн. теңгесі қарыз түрінде «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы арқылы қаржыландырылды. Бізге алғашқы сәттен бастап мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп келеді, - дейді серіктестік басшысы.

Сондай-ақ, мұнда жергілікті 30 адам еңбек етуде. Сиырларды жыл бойы қорада ұстауға мүмкіндіктер бар. Күнделікті өнім «Молком-Павлодар» және «Фуд-Мастер» компанияларына жіберіледі. Сүттің сапасына тұтынушылар тарапынан шағым түскен емес, - дейді А.Нұржанов.

Айдана СМАҒҰЛ,
Ақсу қаласы.

